

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтына тыңдаушылар қабылдау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 24 қыркүйек N 1371. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.14. N 1284 қаулысымен.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 U952730\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтына 1997 жылға Президент Әкімшілігінде, Премьер-Министр Кеңесінде, министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдарда, барлық деңгейдегі мәслихаттар мен әкімшіліктерде мемлекеттік лауазымдардағы азаматтардың есебінен "Мемлекеттік және муниципальдық басқару" мамандығы бойынша мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау факультетіне, сырттай оқытудың 2,5 жылдық циклына 30 адам, оның ішінде 10 адам ақылы негізде, санында тыңдаушылар қабылдау жариялансын.

2. Тыңдаушыларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша, ал ақылы негізде түсушілерге ауызша емтихандардың нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты 1998 жылдан бастап, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте екі жылдан кем емес жұмыс стажы бар адамдар қатарынан оқудың күндізгі түрі бойынша тыңдаушылар қабылдауды іске асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтына тыңдаушылар қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамы бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Премьер - Министрінің

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1997 жылғы 24 қыркүйектегі

№ 1371 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін  
арттыру институтына тыңдаушылар қабылдау жөніндегі қабылдау  
комиссиясының**

**ҚҰРАМЫ**

Байзақов С.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
МҚҚИ ректоры, төраға

Қалабаев Н.Б. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Кеңсесі Мемлекеттік қызмет, кадр және  
бақылау бөлімінің сектор меңгерушісі,  
төрағаның орынбасары <\*>

Тоқтыбеков Ә.Ә. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
МҚҚИ мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау  
факультетінің деканы, комиссияның хатшысы

**Комиссия мүшелері**

Бектұрғанов Е.Ө. - Қазақстан Республикасының Президенті  
Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр  
саясаты бөлімі меңгерушісінің орынбасары  
(келісім бойынша)

Темірболатов С.Ғ. - Қазақстан Республикасы Конституциялық  
Кеңсесінің мүшесі (келісім бойынша)

Серіков Т.П. - Қазақстан Республикасының Парламенті  
Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қуанышбаева Р.С. - Қазақстан Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің Заң шығару және сот-құқықтық  
реформасы жөніндегі тұрақты комитетінің  
төрағасы (келісім бойынша)

Дәмітов Б.К. - Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет  
министрлігі Білім беру - кәсіптік  
бағдарламалар басқармасының бастығы

Ермекбаев К.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
МҚҚИ проректоры

*ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1998.04.29. № 392а*

қаулысымен .

